

Айдана Махамбет^{1*}, Наджие Йылдыз²

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com
² филология ғылымдарының докторы, профессор, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Түркия, Анкара қ., ORCID: 0000-0002-8351-4538 E-mail: naciye.yildiz@hbv.edu.tr

**ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ АВТОРЛЫҚ ИНТЕНЦИЯ
(Ә. КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «НАРЫҚҚА ДА ПАРЫҚ КЕРЕК» МАҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі публицист Ә. Кекілбайұлының әлеуметтік-экономикалық мәселелерді арқау еткен «Нарыққа да парық керек» мақаласына талдау жасалады. Мақалада мәтін тек мазмұндық тұрғыдан ғана емес, автор мен оқырман арасындағы коммуникативтік өзара әрекеттестік, автордың мақсатты ықпал ету стратегиялары, сондай-ақ мәнмәтіндік және әлеуметтік факторлар кешенді түрде талданады. Автордың ұлттық дүниетанымға, қоғамдық санаға және тәуелсіздік кезеңіндегі әлеуметтік трансформацияларға қатысты көзқарастарына тілдік талдау жасалады. Жүргізілген мәтіндік талдау негізінде авторлық интенцияны, адресатқа әсер етудің тілдік амалдарының мүмкіндіктерін көре аламыз. Автордың тілдік стратегиялары, бағалауыштық лексикасы, ұлттық-мәдени кодтарды пайдалану ерекшеліктері, прецеденттік бірліктерді қолдану тәсілдері арнайы қарастырылады. Зерттеуде прагматикалық талдау, сыни дискурстық талдау (CDA), риторикалық талдау, стилистикалық талдау, интенционалдық талдау (T. van Dijk контекст моделі), интертекстуалдық талдау әдістері қолданылған. «Нарыққа да парық керек» мақаласы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі экономикалық қиындықтарды, қоғамдағы әлеуметтік бөлініс пен рухани дағдарысты бейнелейтін маңызды публицистикалық дереккөз ретінде бағаланады. Талдау барысында автордың идеологиялық ұстанымдары, моральдық-этикалық бағдары айқын көрінеді. Мәтінде қолданылған көріктеуіш құралдар дискурстың әсер ету қуатын күшейтетін тілдік-когнитивтік тетіктер ретінде айқындалады. Жалпы алғанда мақала Ә. Кекілбайұлының публицистикалық дискурстағы мүмкіндігін ашып көрсететін жан-жақты ғылыми талдау сипатына ие. Зерттеу нәтижелерін тұлғатану, дискурс талдау, кекілбаевтану, мәтін стилистикасы және прагматика саласындағы ғылыми еңбектерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: Ә. Кекілбайұлы; публицистикалық мәтін; публицистикалық дискурс; авторлық интенция; прагматика

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR2493133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Махамбет А., Йылдыз Н. Публицистикалық дискурстағы авторлық интенция (Ә.Кекілбайұлының «Нарыққа да парық керек» мақаласы негізінде). *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 79-89-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-79-89>

Айдана Махамбет^{1*}, Наджие Йылдыз²

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com
² доктор филологических наук, профессор, Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Турция, г. Анкара, ORCID: 0000-0002-8351-4538 E-mail: naciye.yildiz@hbv.edu.tr

**АВТОРСКАЯ ИНТЕНЦИЯ В ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ
(НА МАТЕРИАЛЕ СТАТЬИ А. КЕКІЛБАЕВА «НАРЫҚҚА ДА ПАРЫҚ КЕРЕК»)**

Аннотация. В данной статье проводится анализ публицистической работы народного писателя Казахстана, государственного и общественного деятеля, известного публициста А. Кекілбаева «Нарыққа да парық керек», посвящённой социально-экономической проблематике. Объектом исследования становится не только содержательный аспект текста, но и коммуникативное взаимодействие между автором и читателем, механизмы целенаправленного воздействия, а также контекстуальные и социальные факторы. В статье осуществляется лингвистический анализ взглядов автора на национальное мировоззрение, общественное сознание и социальные трансформации периода независимости. Анализ текста позволяет выявить авторскую интенцию, а также возможности языковых средств, направленных на воздействие на адресата. В исследовании применяются методы прагматического, критического дискурсивного (CDA), риторического, стилистического, интенционального (контекстная модель Т. ван Дейка), а также интертекстуального анализа. Статья «Нарыққа да парық керек»

оценивается как важный публицистический источник, отражающий экономические трудности, социальную стратификацию и духовный кризис первых лет независимости. В ходе анализа выявляются идеологические позиции автора, его морально-этические ориентиры. Специальное внимание уделяется его языковым стратегиям, оценочной лексике, особенностям использования национально-культурных кодов и приемам обращения к прецедентным единицам. Выявленные в тексте выразительные средства рассматриваются как языковые и когнитивные механизмы, усиливающие воздействующий потенциал дискурса. В целом статья представляет собой комплексное научное исследование, раскрывающее возможности публицистического дискурса А. Кекилбаева. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по персонологии, дискурс-анализу, кекилбаеведению, стилистике текста и прагматике.

Ключевые слова: А. Кекилбаев; публицистический текст; публицистический дискурс; авторская интенция; прагматика

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвоэкологическом, лингводидактическом аспектах и его функция в разработке лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Махамбет А., Ыылдыз Н. Авторская интенция в публицистическом дискурсе (на материале статьи А. Кекилбаева «Нарыққа да пәрық керек»). *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 79-89. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-79-89>

Aidana Makhambet^{1*}, Nadzhie Yildiz²

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics,

Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Ankara Hacı Bayram Veli University, Turkey, Ankara,

ORCID: 0000-0002-8351-4538 E-mail: naciye.yildiz@hbv.edu.tr

AUTHORIAL INTENTION IN PUBLICISTIC DISCOURSE (BASED ON THE ARTICLE «NARYQQA DA PARYQ KEREK» BY A. KEKILBAYEV)

Abstract. This article presents an analysis of the publicistic work of the People’s Writer of Kazakhstan, statesman and public figure, and well-known publicist A. Kekilbayev, titled “Naryqqa da paryq kerek” (The Market Also Needs Sense), which is devoted to socio-economic issues. The object of study encompasses not only the content aspect of the text but also the communicative interaction between the author and the reader, the mechanisms of purposeful influence, as well as contextual and social factors. The article carries out a linguistic analysis of the author’s views on national worldview, public consciousness, and social transformations during the period of independence. The text analysis allows for identifying the authorial intention as well as the potential of linguistic means aimed at influencing the addressee. The study employs methods of pragmatic, critical discourse analysis (CDA), rhetorical and stylistic, intentional (based on T. van Dijk’s contextual model), and intertextual analysis. The article is assessed as an important publicistic source reflecting economic difficulties, social stratification, and the spiritual crisis of the early years of independence. The analysis reveals the ideological positions of the author and his moral and ethical guidelines. Special attention is given to his linguistic strategies, evaluative vocabulary, features of using national-cultural codes, and techniques for addressing precedent units. The expressive means identified in the text are considered as linguistic and cognitive mechanisms that enhance the persuasive potential of the discourse. Overall, the article constitutes a comprehensive scientific study revealing the possibilities of A. Kekilbayev’s publicistic discourse. The obtained results can be used in research on personology, discourse analysis, Kekilbayev studies, text stylistics, and pragmatics.

Keywords: A. Kekilbayev; publicistic text; publicistic discourse; authorial intention; pragmatics

Source of funding: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993133 “Studying the Kazakh language in linguosynergetic, linguoecological, linguodidactic aspects and its function in developing the linguistic foundations of educational text”.

For citation: Makhambet, A., Yildiz, N. Authorial Intention in Publicistic Discourse (Based on the Article «Naryqqa da paryq kerek» by A. Kekilbayev). *Tiltanym*, 2026. No. 1 (101). Pp. 79-89. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-79-89>

Кіріспе

Публицистикалық дискурс қоғамдағы маңызды оқиғалар мен мәселелер туралы көпшілікке ақпарат береді. Бұған қоса оның қоғамдық ойға ықпал ету, қоғамда орын алған оқиғаға баға беру, қоғамдық пікір қалыптастыру сияқты өзге де функциялары бар. Публицистикалық дискурс адресант-адресат тізбегіндегі байланыстың жанданып, өзектеніп түсуінен құрылады. Сондай-ақ ол бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі жанрында жүзеге аса отырып, кең ауқымды аудиторияларға бағытталады. Публицистикалық дискурсқа ақпараттық функциямен қатар

деректілік, объективтілік, фактілік, дәлдік сияқты қасиеттер тән. Публицистикалық мәтіннің құжаттық және фактологиялық тұрғыдан нақты әрі ресми болуы аталған функцияның негізгі белгілерінің бірі ретінде көрінеді (Кожина, 2008: 343).

Публицистикалық дискурста қоғамдық-саяси лексика, кәсіби терминдер, сондай-ақ мораль, этика, медицина, экономика, мәдениет салаларына тән лексика, адамның ішкі күйі мен сезімін білдіретін сөздер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар публицистикалық дискурста жалқы есімдердің, атап айтқанда, топонимдердің, антропонимдердің, мекеме мен ұйым атауларының үлесі жоғары; өзге функционалдық стильдермен салыстырғанда сан есімдердің жиі жұмсалуды әрі даталардың көп қолданылуы да анық көрінеді (Клушина, 2008: 105).

Бүгінгі коммуникация үдерісінде публицистикалық дискурстың ақпарат беруден бөлек сыни, бағалаушылық сипатқа қарай ауысу тенденциясы байқалады: БАҚ стилі біршама ауызекі, эмоциялық және бейнелі сипат алып, мақалалардың тақырыптық аясы кеңейіп келеді (Буряковская, 2010: 24).

Публицистикалық дискурста элитарлық ұлттық тілдік тұлға бейнесі анық көрінеді, сондықтан да мұны зерттеу ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отыр. Өйткені автор, бір жағынан, қоғамдық коммуникацияның белсенді қатысушысы болса, екінші жағынан, өз дәуірінің әлеуметтік өкілі ретінде танылады (Ашева, 2013: 19).

Публицистикалық дискурстың маңызды ерекшеліктерінің бірі – автордың саналы түрде айқын көрінетін өзектендіруші позициясының болуы, яғни автор ақпаратты көпшілікке ұсынбас бұрын оны өзінің бағалау сүзгісінен өткізіп, белгілі бір көзқарас тұрғысынан интерпретациялайды.

Публицистикалық мәтін – публицистикалық дискурстың нақты жүзеге асқан формасы. Публицистикалық мәтіндердің ситуативтілік (айтылымның уақыт пен кеңістік жағдайымен байланысты болуы), әлеуметтік бағыттылық (қоғамдық пікір қалыптастыру), автор мен аудитория арасындағы байланысты күшейту, аудиторияның қабылдауын арттыру, автордың өз ұстанымында қалуы сияқты ерекшеліктері бар.

Посткеңестік кезеңде қалыптасқан қазақтың саяси элитасының институционалдық және идеялық тұрғыдан орнығуына белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ә. Кекілбайұлы елеулі үлес қосты. Ол ұлттық маңызы бар күрделі мәселелерді ашық әрі батыл жазуымен ел есінде қалды (Makhambetova, Khabiyeva, Rsaliyeva, 2025: 524).

Материал және әдістер

Мақаланың зерттеу объектісі ретінде Ә. Кекілбайұлының нарықтық экономиканың маңыздылығын көрсетуге тырысқан «Нарыққа да парық керек» тақырыбындағы публицистикалық мақаласы алынды. Бұл мәтіндегі авторлық интенцияны, автордың позициясын, оқырманға ықпал ету тетіктерін көрсету үшін бір-бірімен өзара байланысты бірнеше зерттеу әдісі қолданылды. Адресатқа бағытталған интенцияны анықтау үшін прагматикалық талдау әдісі, қоғамға әсер ету мақсаты және мәтінде жасырынған манипуляцияны ашу үшін сыни дискурстық талдау (CDA), оқырманды ойландыру үшін риторикалық талдау әдісі қолданылған. Мәтіннің әсерлілігін арттыратын тілдік тәсілдер стилистикалық талдау әдісі негізінде, автордың контекст моделін қалай құрғаны интенционалдық талдау (van Dijk контекст моделі) негізінде, ал мақаланың өн бойындағы мәдени, тарихи, ұлттық тілдік бірліктердің автор интенциясын күшейтудегі рөлі интертекстуалдық талдау әдісі арқылы көрінеді. Бұл әдістер кешені мақаладағы авторлық интенцияны толық ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі кезде дискурс түрлерін жіктейтін лингвистикалық еңбектерде публицистикалық дискурс жеке дербес түр ретінде қарастырылады. Оның басты себебі – аталған дискурстың қоғамда ерекше маңызды қызмет атқаратындығында.

Публицистикалық дискурс қазіргі тіл білімінде идеология таратушы әрі қоғамдық пікір қалыптастырушы құрал ретінде қарастырылады. Әсіресе ағылшын тілді ғылыми мектептерде медиа тіліне, жаңалықтар дискурсына қатысты зерттеулер публицистикалық дискурстың табиғатын түсіндіретін теориялық база болып саналады. Бұл бағыттың негізгі өкілдері: Teun A. van Dijk, Norman Fairclough, Ruth Wodak, Roger Fowler, Allan Bell, Stuart Hall, Theo van Leeuwen,

Gunther Kress, David Machin, Daniel Dor, Stuart Allan және т.б. зерттеушілер.

Мұның ішінде бірнеше зерттеу теориясын ерекше атап өтуге болады: зерттеуші Teun A. van Dijk теориясы медиадискурсты қоғамдағы идеологияны қалыптастыратын негізгі институт деп қарастырса (van Dijk, 1998: 159-177), ал Norman Fairclough, Ruth Wodak қалыптастырған сыни дискурс талдауы (Critical Discourse Analysis) публицистикалық дискурсты зерттеудің ең ықпалды және кең тараған бағыттарының бірі ретінде танымал. CDA тіл мен қоғам арасындағы байланысты билік, идеология және әлеуметтік өзгеріс тұрғысынан зерттейді (Fairclough, 1995: 240). Ал газет тақырыптарын дискурстық, прагматикалық, когнитивтік тұрғыдан кешенді зерттеген Дэниел Дор публицистикалық дискурстағы идиологиялық әсер ету құралдарын талдайды (Dor, 2003: 695-721).

Орыс тіл білімінде бұл тақырыппен жүйелі түрде М.Н. Кожина, В.В. Одинцов, Н. Клушина, Ю.Н. Караулов т.б. ғалымдар айналысты. Қазақ тіл білімінде де бұл тақырып үнемі зерттеліп келеді: Р. Сыздық бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне көңіл аударуды тіл мәдениеті мәселелерінің бірі ретінде қарастырса (Сыздық, 2001: 36), Р. Әмір газет бетіне тән сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер туралы (Әмір, 1972: 172), Н. Уәли кітаби тіл жүйесіне жататын тілдік құралдар жайлы (Уәли, 2007), О. Бүркітов публицистикалық стиль ерекшеліктері жайында жазды (Бүркітов, 1996: 11). Ал ғалым Қ. Есенова қазақ газет мәтіндеріндегі әсер етудің қосалқы факторларын зерттеп, талдады (Есенова, 2007).

Жалпы алғанда публицистикалық мәтіндер белгілі бір аудиторияның сұранысына сәйкес туындайды. Бұл туралы зерттеуші Г. Ерсұлтанова: «Публицист қоғамның белгілі бір тобын қызықтыратын, толғағы жеткен мәселелерді жазуға тырысады», – дейді (Ерсұлтанова, 2020: 18).

Публицистикалық дискурста қоғамдық пікірге ықпал етуші негізгі дискурсивтік субъектілер танылады. Белгілі ғалым Б. Момынова бұл туралы былай дейді: «Жалпы саяси лидерлер тілі газет лексикасы жүйесінде ерекшеленіп тұратын, мерзімді басылымдардағы көп канондардың шеңберіне сыймайтын, олардың құрылымы мен жүйесінде міндетті түрде кездесіп отыратын тілдік ерекшелік ретінде қаралады» (Момынова, 2005: 67).

Публицистикалық мәтіндер қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталғандықтан, оның интерпретациясы да риторикалық, бағалаушытық және идеологиялық компоненттерге негізделеді. Сондай-ақ публицистикалық дискурстағы интерпретация көбінесе жасырын түрде келеді, осы арқылы дискурстың танымдық-прагматикалық әлеуеті кеңейеді (Жумагулова, Каримова, 2021: 24).

Нәтижелер және талқылау

Мақаланың прагматикасына талдау жасау, ең алдымен, оның тақырыпатынан басталады. Өйткені тақырыпат – мәтін прагматикасын қалыптастыратын ең маңызды элемент. Негізгі ойды да оқырман осы тақырыпат арқылы болжайды, авторлық интенцияны да осы арқылы біледі (Сарбасова, Кубаева, 2023: 3). Біз зерттеу нысаны ретінде алған мақала тақырыбының өзінен де («Нарыққа да парық керек») қоғамдық сипаттағы әлеуметтік үндеудің бар екендігі анық көрінеді (Ө. Кекілбайұлы, 1998: 300). Сонымен бірге аталған тақырыптан қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған позиция да, экономикадағы моральдық өлшемді алға тартатын ұрандық сипат та байқалады. Тақырыптың қысқа да нұсқа болуы оны есте оңай сақтауға, оқырман назарын өзіне бірден аударуға мүмкіндік береді. Автор үлкен мәселені қысқа да нұсқа түрде шебер жеткізген.

Қазіргі публицистикалық шығармаларда авторлық интенция барған сайын күшейіп келеді (Фильчук, 2010: 58). Ол біз талдауға алып отырған мақала мазмұнынан да анық көрінеді.

Кез келген публицистикалық мәтінде автордың өз мақсатына жетуіне, яғни оқырманға ықпал етіп, оны белгілі бір пікірге иландыруына мүмкіндік беретін арнайы тілдік тәсілдер қолданылады. Мақала *«Естір құлақты енжар қалдыра алмайтындай жан шырылы, жүрек дірілі»* деген сөйлемнен басталады. Алғашқы ойдың *жан шырылы, жүрек дірілі* тіркестері (экспрессивтер) арқылы берілуі ешкімді бейжай қалдырмасы анық. Сонымен қатар мақаланың басталар тұсында автордың белгілі бір мәселеге қатысты әлденеге көңіл алаңдаушылығы да байқалады. Осы тіркестер арқылы автор өзі көтеріп отырған мәселенің күрделілігі мен маңыздылығын айқындап көрсетуге ұмтылады. Нәтижесінде оқырман орын алған жағдаятқа

алаңдап қана қоймай, сол мәселенің талқылауына қатысушы позицияға өтеді.

Оқырман мәтінді бастапқыда алаңдаушылықпен қабылдаса да, автор белгілі бір тұста үміт отын оятып, адресат санасында сенім мен үмітті тудыруға ұмтылады. *«Байыбына бара білсек, біздің кезеңіміздің ең басты жетістігі – халқымыздың гасырлап күткен тәуелсіздікке енді қолы жетіп отырғандығы»* деген сөйлем оқырманның бойында мақтаныш сезімін ұялатып, Тәуелсіздіктің құндылығын есте ұстауды көздейді.

Лингвистикада риторикалық сұрақ жауапты қажет етпейтін, бірақ сұрақ формасында берілген тұжырым түрінде сипатталады, ол сөйлеушінің дүниенің белгілі бір фрагментіне қатысты өз көзқарасын білдіруге бағытталады (Добровольский, Зализняк, 2025: 55). Мәтінде мәселенің мәнін ашу үшін автордың оқырманға риторикалық сұрақ қою жағдайы көп кездеседі. Мәселен, *«Бойкүйездік, қымқырма-жымқырма бар жерде қоғам тыныш, мемлекет бай бола алатын ба еді?!»* деген сұрауы оқырманнан жауап күтпейді, бірақ оны еріксіз ойлануға итермелейді. Бұл риторикалық сұрақтың теріс эмоциялық реңкі бірден көрінеді. Автор арамтамақтық пен ұрлықтың жағымсыз қасиеттер екенін айта келе, оқырманын ұятты әрекеттен сақтануға шақырады. Осы бір сөйлемнен-ақ жүйенің осал тұсына қатысты автордың сыни көзқарасы анық аңғарылады.

Автор қоғамдағы жағдайды сынауды риторикалық сұрақ көмегімен әрі қарай жалғайды. *«Қолдары бір-бірінің жағасында жүрген жұрттың қай шаруасы оңғарылып, қай ісі өрге басатын еді?!»* деген сұраудан да автордың оқырманынан нақты жауап күтпейтінін, дегенмен осы тәсіл арқылы мәселе жайында ой түюге ықпал етуге бағытталған әрекетін көре аламыз.

Тұтас мәтінде прецедентті бірліктердің жиі қолданылуы айқын байқалады. Автор бұл арқылы оқырман санасында ұлт туралы ассоциация оңай туындайтынын, айтылған ойды түсіну неғұрлым жеңіл болатынын жақсы білген. Саяси риториканың әмбебап тәсілдері (сендіру, манипуляция, құндылықтарға жүгіну) әртүрлі мәдениеттерде қандай тілдік құралдар арқылы жүзеге асырылатыны туралы мәселе ерекше қызығушылық тудырады (Ағымедуллаева, 2025: 141).

«Кейінгі жетпіс жыл ішінде әркім өз күнін өзі көретін ежелгі үрдісті ұмытып, енжар жағымыз өз мүддең жолында өзгенің мүддесіне қол салмай, бар мүмкіндігің мен қабілетіңді түгел жұмсап, еңбек етудің орнына көппен көрген ұлы той деп, бергенге мәз, тигенге қанағат қылып, епті жағымыз ортақ дәулетті иесіз малдай көріп, қымқырып кетуге, жымқырып кетуге бой алдырдық». Мұндағы *«көппен көрген ұлы той»*, *«қанағат қылу»*, *«иесіз малдай»*, *«қымқырып кету»*, *«жымқырып кету»* сияқты бағалаушылық мәндегі сөз қолданыстары қазаққа ғана таныс. Бұдан ашы сарказмды да, аяусыз сыншыл көзқарасты да көреміз. Автор Кеңес дәуіріндегі жағымсыз мінез-құлықтың Тәуелсіздік жағдайында да сақталып қалу қаупін көрсетеді.

Енді бір сөйлемде қоғамдық құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыс сипатталады: *«Алақолдық – алакөздікті, алакөздік – алауыздықты, алауыздық – әлеуметтік дүрбелеңдерді өрбітеді».* Ықшам түрде берілген бұл тұжырым әрбір азаматтың, яғни оқырманның өз жауапкершілігін сезінуіне ықпал етеді. Мұндағы *алақолдық*, *алакөздік*, *алауыздық* лексемалары да қоғамдық-әлеуметтік мазмұнға ие ұғымдарды білдіреді.

Шынында публицист қоғамдағы оқиғаларды тек хабарлап қоймайды, оларды ұлттық құндылықтар тұрғысынан сараптап, баға береді. Публицистикалық мәтіндердегі ұлттық ділдің көрінісі нақты тұжырымдар мен автордың ой-пікірі, белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық жағдайға баға беруі негізінде анықталады (Кембаева, Жұбай, Екер, 2025: 190).

Автор Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық, әлеуметтік және саяси ахуалды саралай отырып, оқырманды *«... қазіргідей кезде қоғамға былайғы ырың-жырыңды ұмытып, көптің көңілін жұмылдыра алатын ортақ мақсат, ортақ мүдде керек»* деген ойға жетелейді. Сосын ойын әрі қарай былай сабақтайды: *«Құдайға шүкір, ондай мақсат, ондай мүдде бізде бар. Ол – біздің тәуелсіз мемлекетіміз. Оның саяси, экономикалық мүдделері. Ол жолда күресу – барша қауымның, әрбір азаматтың басты парызы. Тәуелсіз елдің қуатты экономикасы болғаны жөн. Қуатты экономика елдің табиғи, моральдық күштері мен сыртқы ортамен ықпалдастық арқылы жүзеге асады. Құдайға шүкір, табиғи байлыққа кенде емеспіз».*

Сол арқылы сыртқы ортамен ықпалдастықты нығайтуға әбден болады...». Осындағы «Құдайға шүкір» сөзінің мәдени-семантикалық мәніне үңілетін болсақ, ол қазақтың этикеттік сөйлеуінде қуанышта да, қиындықта да қолданылады. Қазақы дүниетанымдағы «барға қанағат ету» сөзімен мағыналас қолданылады десек те болады. Сөздіктерде ол «ризашылық, риза болу, қуану», «алғыс, алғыс айту» түрінде берілген (Құрманбайұлы, Исақова, Мизамхан, 2017: 118). Бұл сөздер арқылы автор оқырман санасында Тәуелсіздікті ең басты құндылық ретінде тану идеясын қалыптастыруға ұмтылады. Автор өз эмоциясын, яғни ризашылық сезімін білдіре отырып, оқырманның позитивті ойлауына ықпал етеді. Осы арада сөйлеу актісінің манипулятивтік сипаты бар екенін айта кеткен жөн. Бұл арадағы сөйлеу манипуляциясының басты мақсаты – барлық мәлімдемелерді, дәлелдерді ескермей-ақ шын деп қабылдауға итермелеу (Ковешникова, 2014: 388).

Ә. Кекілбайұлының әлеуметтік мазмұндағы публицистикасында бағалауыштық және айыптау мәні қатар жүреді. Оны мынадан байқауға болады: *«Өздері қарық болғанмен, өзгелерді гәріп қылған кооперативтер, берілген еркіндікті қолма-қол айырбасқа жұмсаған өзіміл кәсіпорындар «отандық іскерлік бастамашылдықтың» құлқынының қандай екенін әбден танытып берді». Автор «өздері қарық болғанмен», «өзгелерді гәріп қылған кооперативтер», «өзіміл кәсіпорындар» қолданыстары арқылы кооперативтер мен кәсіпорындардың әрекетін тікелей айыптап көрсеткен. «Әуелде бармақбасты, көзқыстылықтан бас алған «астыртын іскерлік» жария жағдайда бұрынғыдан бетер масайрап, түйені түгімен жұтатын жәбірлігіне басты» деп эмоционалды бояуы күшті, оқырманға әсер ететіндей қолданыстарды қару етеді. «Бармақбасты», «көзқыстылық», «түйені түгімен жұту» сияқты тіркестер арқылы астыртын іскерлікті тікелей жағымсыз бағалай отырып, сыбайлас жемқорлық, заңсыз мәмілелер, заңсыз байлыққа жету жолдарын айыптайды. Жасырын істердің енді ашық түрде, тіпті бұрынғыдан да еш қорқынышсыз жасалып жатқанын әшкерелеу, бұрын жасырын жасалып келген қылмыстың енді ашықтыққа көшкені жақсылық әкелмейтінін, керісінше жемқорлықты күшейткенін аяусыз сынайды. «Масайрап» сөзі теріс мәнді құбылысты әшкерелеу үшін қолданылған. Осы сөйлемдегі эмоциялық-экспрессивтік тіркестер (түйені түгімен жұту, бармақбасты, көзқыстылық) оқырманда ашу, жиіркеніш сезімін тудырып, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы ұстанымды күшейтеді. Сөздіктерден осы сөздердің мәнін іздесек: «түйені түгімен жұтты» фразалық тіркесі «тойымсыз, параны көп алған» деген мағынада қолданылған (Абай жолы энциклопедиясы, 2008: 540), ал «масайрау» сөзі «Синонимдер сөздігінде» «жадырау, масаттану, масаю, рақаттану, жырғау» сөздерімен синоним ретінде бірге беріледі. Мағынасы – көңілі көтеріліп, жылышырайға ену (Бизақов, 2007: 640). «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұлардан бөлек «тоқмейілсушілік» деген сөз қоса берілген (Манкеева, Бизақов, Жүнісбек, 2011: 752).*

Әрі қарай автор мәселенің күрделілігі мен ауырлығын фактілерді бірінен соң бірін тізбектеу арқылы көрсетеді: *«Өндіріс ұлғаймады. Тауар көбеймеді. Баға аспандай түсті. Халықтың жиган-тергені күнделікті күнкөріске әзер жетуде». Экономикалық дамудың баяулауын және өндірістің тоқырауға ұшырағанын автор жалаң сөйлемдер арқылы ықшам әрі нақты жеткізеді. Қысқа әрі нұсқа берілген сөйлемдерден-ақ көп ой аңғарылады. Әрі қарай мәселенің себеп-салдарлық қатынас мәні былай беріледі: «Баға аспандай түсті – өндіріс пен тауардың аздығы инфляцияны күшейтеді. Халықтың жиган-тергені күнделікті күнкөріске әзер жетуде». Инфляцияның нақты әлеуметтік салдарын сипаттап, қалыптасқан жағдайдың күрделене түскенін көрсету мақсатында автор гиперболаны да қолданады. Бұл тәсіл оқырман санасында экономикалық ахуалдың нашарлап бара жатқанын аңғартатын белгі ретінде қабылданады. Мәтінде экономикалық тоқырау, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі, бай мен кедей аражігінің ашылуы, қоғамдық наразылықтың өршуі тәрізді құбылыстар анық көрініс береді.*

Кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту кезеңінде көлеңкелі экономикаға тән заңсыздықтар мен жемқорлықтың түрлі келеңсіз көріністері теріс эмоционалды реңкі бар сөздер арқылы бейнеленеді. Мәселен, *«кешегі «көлеңкелі экономиканың» тұтқынында қалған «нарықтық экономиканың» араны ашылып, барған сайын «тағылана» түседі»* деген сөйлемде ашкөздік («араны ашылу») экспрессивті метафора арқылы, қатыгездік («тағылана

түсу») теріс эмоционалды реңкті сөз арқылы нарықтың әлеуметтік әділеттілік принципін бұзғанын, моральдық тұрғыдан тозғанын көрсетеді. Мұндай экономика қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті күшейтіп, халықтың әл-ауқатына кері әсер етеді деген әлеуметтік ойды айқындайды. Күшті эмоционалды метафоралар арқылы оқырманға нарықтық қатынастардың әділетсіз тұстарын еріксіз ұғындырады. «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» бұл сөз «тоймау, аз» деген фраза-семантикалық топтың ішіне кіреді (Смағұлова, 2010: 252). «...*Кешегі кооперативтің, бүгінгі шағын жекешелендірудің, ертеңгі орта және үлкен жекешелендірудің қаймағын қалқып ішетін тек солар боп қалса, мошшылық та, арзаншылық та алыстай береді*» деп, ойын әрі қарай жалғай келе, автор қоғам игілігінің тек бір топтың қолына шоғырлануын сынға алу мақсатында прецеденттік бірліктерді шебер қолданған. *Қаймағын қалқып ішетін* бейнелі тіркесі арқылы жекешелендірудің әр кезеңінде (кооператив, шағын, орта, үлкен) экономикалық пайдаға тек белгілі бір топтың ғана ие болатыны астарлы түрде көрсетіледі. Мәнмәтіндегі мағынасына қарай бұл бірлікті лакуна ретінде қарастыруға болады.

«Ойлағанда да алдын ала ойлануымыз керек. *Тұмсығымыз тасқа соққанда* барып ойлағаннан шығар пәтуа шамалы» деген мысалда да тұрақты тіркес тек жеке адамға емес, тұтас қоғамға бағытталған ескерту сипатында қолданылады. Автор осы арқылы жоспарсыз, алдын ала ойластырылмаған әрекеттердің кейін өкінішке әкелуі мүмкін екенін меңзейді. Бұл жерде тіркестің манипулятивтік әсері анық түрде байқалады: алғашқы сөйлемде кеңес берілсе, екінші сөйлемде оқырманды алдын ала сақтандыруға жетелейді. «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» бұл тұрақты тіркес «жолы болмау» деген фраза-семантикалық топқа жатады. Сөздікте ол «тұмсығы тасқа тию» түрінде берілген (Смағұлова, 2010: 252).

Мәтінде имплициттік референциялардың қолданылу жағдайлары да кездеседі. Мәселен, «*Республиканың ұлттық игілігі бір күнде жасалмаған. Оған көптеген ұрпақтардың еңбегі сіңген. Біреулер гасырлар бойы осынау бай өлкені иемденіп, қорғап келді, біреулер сол байлықты игеруге атсалысты*» деген сөйлем соны айқын көрсетеді. Мұнда белгісіздік есімдігінің («біреулер») қолданылуы оқырманның мәдени, тарихи және саяси біліміне сүйенетін имплициттік мағыналық өрісті қалыптастырады. Автор тарихи рөлдері әртүрлі екі топты ажырата көрсеткенімен, оларды нақты атамай, белгісіздік есімдігі арқылы жанама түрде білдіреді. Мұндай тәсіл тікелей айыптау не мадақтаудан гөрі, оқырманға кімдер туралы сөз болып отырғанын өз танымдық тәжірибесіне сүйене отырып пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасырын референцияның берілуінде автор меңзеген топтарды барлық адресат бірдей түсіне бермеуі де мүмкін, өйткені мұндай интерпретация адресаттың базалық біліміне әбден байланысты.

Ә. Кекілбайұлы бұл мақалада қыстырма сөздерді де көп қолданады: *қысқасы, біздіңше, ендеше* т.б. «*Қысқасы, қай-қайсымыздың тағдырымыз да егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің баяндылығы артып, саяси экономикалық өзгерістеріміздің мұқият пайымдалып, ойдағыдай жүзеге асып кетуіне байланысты*». Тыңдаушыға «ендігі жерде ең бастысы – мынау» деген тұжырым арқылы автор тыңдаушыға негізгі ойдың түйінін аңғартады. Бұл құрылым оқырман назарын мәтіндегі басты пікірге шоғырландырып, қорытынды ойға бағыттайды. «*Ендеше, ең алдымен, елдікті ойлайық*». Бұл мысалдағы қыстырма сөздің көмегімен автор оқырманды немесе тыңдаушыны алдыңғы оймен келісуге мәжбүрлейді, яғни логикалық аргументті күшейте отырып, оған манипуляция жасайды.


Мәтіндегі ой аяқталуға жақын тұста: «*Бүгін ұтылсақ, біржолата ұтыламыз. Бүгін қапы қалсақ, біржолата қапы қаламыз*», – дейді. Екі сөйлем бірдей синтаксистік құрылым үлгісімен берілген (*ұтылсақ – ұтыламыз, қапы қалсақ – қапы қаламыз*). Бұл тәсіл риторикалық әсерді күшейтіп қана қоймай, белгілі бір ойды қайталау арқылы оның маңыздылығына назар аударуды көздейді. Синтаксистік қайталау құбылыстың өсу не төмендеу динамикасын да айқындайды.

Лексикалық қайталау да осыған ұқсас келеді. Мәселен, мына сөйлемде ол мәселенің маңызын ұғындыру үшін жұмсалып тұр: «*Мұндай тізгінді ашу емес, ақыл, уайым емес, пайым, сөзім емес, төзім, арман-қиял емес, еңбек-қарекет ұстаған лазым*», – деген сөйлемде автор бір нысанды терістеу арқылы келесі нысанға назар аудартады (антитеза).

«*Қазіргі кезең жиын мен тойдікі, дау мен дамайдыкі емес, әркімнің, әр жұмыр бас пенденің*

ертеңгі болашағы ғана емес, бүгінгі күн көрісінің қамын жан-жақты сарапқа сала толғана алатындай сабыр мен ойдікі», – деген сөйлемде де «емес» сөзінің прагматикалық сипаты өте күшті. Сөйлемнің функционалдық-коммуникативтік қызметіне назар аударсақ, талап қою мәні көбірек байқалады. Осыған байланысты оқырманның автор ұсынған пайымдаулармен келісу ықтималдығы жоғарылай түседі. Бұдан да жасырын түрдегі манипуляция аңғарылады.

Сонымен, «Нарыққа да парық керек» мақаласында тілдік, құрылымдық және көріктеуіш құралдар жүйесі негізінде жүзеге асқан авторлық интенцияның мынадай түрлерін байқауға болады (Сурет 1).



Сурет 1 – Публицистикалық дискурстағы авторлық интенция түрлері

Рисунок 1 – Виды авторской интенции в публицистическом дискурсе

Figure 1 – Types of Authorial Intention in Publicistic Discourse

Қорытынды

Публицистикалық мақаладағы авторлық интенция публицистикалық стильдің прагматикалық, риторикалық және экспрессивтік құралдары арқылы көрінеді.

Адресант адресатты иландыру мақсатында қолындағы барлық тілдік құралдарды пайдаланады. Сендірудің тілдік амалдары 2 түрде көрініс табады:

1. Эксплициттік деңгей – оқырман санасына ашық түрде әсер ету.
2. ИмPLICITТІ деңгей – адресатты жасырын түрде сендіру.

Публицистикалық дискурста шығарма авторы өзін жеке тұлға ретінде ғана емес, белгілі бір қауымдастықтың өкілі ретінде таныстырып, солардың атынан сөйлейді. Осы мақсатқа жету үшін әртүрлі тілдік тәсіл мен манипулятивтік амалдарды қолданады.

Ә. Кекілбайұлының шығармашылығы публицистикалық жанрдың дәстүрлі мүмкіндіктерін жаңа сапаға көтерді. Ә. Кекілбайұлы дискурсы тек ақпарат беру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық ойлау жүйесін, тарихи жадты және мәдени құндылықтарды терең пайымдауға мүмкіндік беретін мәдени-танымдық кеңістік ретінде бағаланады. Оның қаламынан туған шығармалар публицистикалық дискурстың келесідей мүмкіндіктерін ашып көрсетеді:

Біріншіден, Ә. Кекілбайұлы публицистикасы тарихи жадты жаңғыртуымен ерекшеленеді: өткенді қазіргімен байланыстыра отырып, оқырманға ұлттық болмысты терең сезіндіреді. Прецеденттік бірліктердің кеңінен қолданылуы осыны көрсетеді.

Екіншіден, Ә. Кекілбайұлының публицистикалық мақалалары бағыттаушы функция атқарады. Автор белгілі бір құбылысты талдай келе, өз ұстанымын дәлелмен жеткізеді. Оны қоғамдық пікірге ықпал етудің интеллектуалдық ерекше моделі десек болады.

Үшіншіден, Ә. Кекілбайұлы публицистикасы тілдік эспрессияның жоғары деңгейін танытады. Метафоралар, афоризмдер, риторикалық сұрақтар автор стилін айшықтай түседі. Бұл публицистикалық дискурстың эстетикалық қуатын күшейтеді.

Төртіншіден, Ә. Кекілбайұлы публицистикасында ұлттық риторика мен заманауи

публицистикалық тәсілдердің ұштасып берілуі көрінеді. Бұл қазақ публицистикасының стильдік ауқымын кеңейте түседі.

Әдебиеттер

- Ағымедуллаева Н.Б. Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде). – Ақтөбе, 2025. – 197 б.
- Ақбай Н.Е. Абай жолы энциклопедиясы. – Алматы: Арда, 2008. – 504 б.
- Ашева А. Жанрово-тематические особенности публицистического дискурса элитарной языковой личности (на материале публицистики С. Рассадина) // Альманах современной науки и образования. – 2013. – №11 (78).
- Әміров Р. Газет тілінде ұшырасатын кейбір сөз тіркестері жөнінде // Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы: Ғылым, 1972. – 224 б.
- Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
- Буряковская В.А. Коммуникативные характеристики массовой культуры в медийном дискурсе (на материале русского и английского языков): монография. – Волгоград: Волгогр. науч. изд-во, 2010.
- Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғылым. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 1996. – 29 б.
- Добровольский Д.О., Зализняк А.А. «Риторический вопрос» в лингвистике и в речи // Слово.ру: балтийский акцент. – 2025. – Т. 16. – №2. – С. 53-70. doi:10.5922/2225-5346-2025-2-3.
- Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдарының негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.
- Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: PhD диссертациясы. – Алматы, 2020. – 185 б.
- Жумагулова А.М., Каримова Б.Ж. Публицистикалық дискурс және әлеуметтік-коммуникативтік арақатынас // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – №3(61). <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v61.i3.03>
- Кекілбайұлы Ә. Азаттықтың ақ таңы (Уақыт мінбесінен айтылған сөз). – Алматы, 1998. – 736 б.
- Кембаева А.Т., Жұбай О.С., Екер С. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстағы ұлттық діл көрінісі // А. Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – 185-197-бб.
- Клушина Н.И. Стилистика публицистического текста. – Москва: Медиа-Мир, 2008. – 242 с.
- Ковешникова М.Н. Речевая манипуляция и приемы речевого манипулирования // Царскосельские чтения. – 2014. – Т. 1. – №18. – С. 387-395.
- Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка. – Москва: Флинта: Наука, 2008. – 464 с.
- Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б. және т.б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
- Манкеева Ж., Бизақов С., Жүнісбек Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- Сарбасова А.Е., Кубаева А.Г. Газет тақырыптарындағы прагматикалық әлеуетті арттырушы тілдік құралдар (Ақтөбелік «Эврика» газеті мысалында). – 2024. – Т. 74. – №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74>
- Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. 2-басылым. – Алматы: Елтаным, 2010. – 252 с.
- Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: докт. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- Фильчук Т.Ф. Современный публицистический дискурс в контексте постмодернистской парадигмы // Вестник Харьковского университета. Серия: Филология. – 2010. – №58. – С. 57-62.
- Dor, D. On newspaper headlines as relevance optimizers. *Journal of Pragmatics*. 2003. Pp. 695-721.
- Fairclough, N. *Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language*. London: Longman, 1995.
- Makhambetova, A., Khabiyeva, A., Rsaliyeva, N., Yermekova, Zh., Kozhakhmetova, F., Magzhan, S. Cognitive and Pragmatic Potential of the Language of Political Leaders. *Forum for Linguistic Studies*. 2025. Vol. 07. No. 3.
- Van Dijk, T.A. *Discourse, context and cognition*. *Discourse Studies*. 2006. Vol. 8. No. 1. Pp. 159-177.

References

- Agymedullaeva, N.B. (2025) Mediadiskurs erekshelikleri: lingvomadeni aspekt (qazaq zhane agylshyn media materialdary negizinde). Aqtobe. 197 b. [Agymedullayeva, N.B. (2025) Features of media discourse: linguocultural aspect (based on Kazakh and English media materials). Aktobe. 197 p.] (in Kazakh)
- Amirov, R. (1972) Gazet tilinde ushyrasatyn kejbir soz tirkesteri zhoninde. Til madenieti zhane baspasoz. Almaty: Gylym. 224 b. [Amirov, R. (1972) On certain phrases found in newspaper language. Language culture and press. Almaty: Gylym. 224 p.] (in Kazakh)
- Aqbaj, N.E. (2008) Abaj zholy jenciklopedijasy. Almaty: Arda. 504 b. [Akbai, N.E. (2008) Encyclopedia “The Path of Abai”. Almaty: Arda. 504 p.] (in Kazakh)
- Asheva, A. (2013) Zhanrovo-tematicheskie osobennosti publicisticheskogo diskursa jelitarnoj jazykovoj lichnosti (na

- materiale publicistiki S. Rassadina). Al'manah sovremennoj nauki i obrazovanija. №11 (78). [Asheva, A. (2013) Genre-thematic features of journalistic discourse of an elite linguistic personality (based on the works of S. Rassadin). Almanac of Modern Science and Education, No. 11 (78).] (in Russian)
- Bizaqov, S. (2007) *Sinonimder sozdigi*. Almaty: Arys. 640 b. [Bizakov, S. (2007) *Dictionary of synonyms*. Almaty: Arys. 640 p.] (in Kazakh)
- Burkitov, O. (1996) *Qazaq adebi tilining publicistikalyq stili: kand. filol. nauk aftoreferat*. Almaty. 29 b. [Burkitov, O. (1996) *Publicistic style of the Kazakh literary language: cand. philol. sci. abstract*. Almaty. 29 p.] (in Kazakh)
- Burjakovskaja, V.A. (2010) *Kommunikativnye harakteristiki massovoyj kul'tury v medijnom diskurse (na materiale ruskogo i anglijskogo jazykov)*. Volgograd: Volgogradskoe nauchnoe izd. [Buryakovskaya, V.A. (2010) *Communicative characteristics of mass culture in media discourse (based on Russian and English)*. Volgograd.] (in Russian)
- Dobrovol'skij, D.O., Zaliznjak A.A. (2025) «Ritoricheskij vopros» v lingvistike i v rechi. Slovo.ru: Baltijskij akcent, T. 16, №2. S. 53-70. doi:10.5922/2225-5346-2025-2-3. [Dobrovolskiy, D.O., Zaliznyak, A.A. (2025) "Rhetorical question" in linguistics and speech. Slovo.ru: Baltic Accent, Vol. 16, No. 2. Pp. 53-70] (in Russian)
- Dor, D. (2003) *On newspaper headlines as relevance optimizers*. Journal of Pragmatics. Pp. 695-721. (in English)
- Ersultanova, G. (2020) *Publicistikalyq diskurstagy tildik tulga: PhD dissertacijasy*. Almaty. 185 b. [Yersultanova, G. (2020) *Linguistic personality in publicistic discourse: PhD dissertation*. Almaty. 185 p.] (in Kazakh)
- Esenova, Q. (2007) *Qazirgi qazaq mediamatinining pragmatikasy*. Almaty. 450 b. [Yessenova, K. (2007) *Pragmatics of modern Kazakh media texts*. Almaty. 450 p.] (in Kazakh)
- Fairclough, N. (1995) *Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language*. London: Longman. (in English)
- Fil'chuk, T.F. (2010) *Sovremennyj publicisticheskij diskurs v kontekste postmodernistskoj paradigmy*. Vestnik Har'kovskogo universiteta. Seriya: Filologija, №58. S. 57-62. [Filchuk, T.F. (2010) *Modern journalistic discourse in the postmodern paradigm*. Bulletin of Kharkiv University, Philology series. No. 58. Pp. 57-62.] (in Russian)
- Kekilbajuly, A. (1998) *Azattyqytng aq tangy*. Almaty. 736 b. [Kekilbaiuly, A. (1998) *Dawn of Independence*. Almaty. 736 p.] (in Kazakh)
- Kembaeva, A.T., Zhubaj, O.S., Eker, S. (2025) *Sherhan Murtaza shygarmashylygyndagy korkem zhane publicistikalyq diskurstagy ulttyq dil korinisi*. A. Yasaui atyndagy HQTU habarshysy. №1(135). 185-197-bb. [Kembayeva, A.T., Zhubai, O.S., Eker, S. *National mentality in artistic and publicistic discourse of Sherkhan Murtaza*. Bulletin of Khoja Ahmed Yasawi University. No. 1(135). Pp. 185-197.] (in Kazakh)
- Klushina, N.I. (2008) *Stilistika publicisticheskogo teksta*. Moskva: Media-Mir. 242 s. [Klushina, N.I. (2008) *Stylistics of journalistic text*. Moscow: Media-Mir. 242 p.] (in Russian)
- Koveshnikova, M.N. (2014) *Rechevaja manipulaciya i priemy rechevogo manipulirovaniya*. Carskosel'skie chteniya. T. 1. №18. S. 387-395. [Koveshnikova, M.N. (2014) *Speech manipulation and techniques of speech manipulation*. Tsarskoye Selo Readings. Vol. 1. No. 18. Pp. 387-395.] (in Russian)
- Kozhina, M.N., Duskaeva, L.R., Salimovskij, V.A. (2008) *Stilistika ruskogo jazyka*. Moskva: Flinta: Nauka. 464 s. [Kozhina, M.N., Duskayeva, L.R., Salimovskiy, V.A. (2008) *Stylistics of the Russian language*. Moscow: Flinta: Nauka. 464 p.] (in Russian)
- Makhambetova, A., Khabiyeva, A., Rsaliyeva, N., Yermekova, Zh., Kozhakhmetova, F., Magzhan, S. (2025) *Cognitive and Pragmatic Potential of the Language of Political Leaders*. Forum for Linguistic Studies, Vol. 07. No. 03. (in English)
- Mankeeva, Zh., Bizaqov, S., Zhunisbek, A. (2011) *Qazaq adebi tilining sozdigi*. 11-tom. Almaty. 752 b. [Mankeyeva, Zh., Bizakov, S., Zhunisbek, A. (2011) *Dictionary of Kazakh literary language*. Vol. 11. Almaty. 752 p.] (in Kazakh)
- Momynova, B. (2005) *Qazaq tilindegi qogamdyq-sajasi leksika*. Almaty: Qazaq universiteti. 140 b. [Momynova, B. *Socio-political vocabulary of the Kazakh language*. Almaty: Qazaq universiteti. 140 p.] (in Kazakh)
- Qurmanbajuly, Sh., Isaqova, S., Mizamhan, B. (2019) *Qazaq tilining kirme sozder sozdigi*. Almaty: Ultyq audarma bjurosy. 596 b. [Kurmanbayuly, Sh., Isaqova, S., Mizamhan, B. (2019) *Dictionary of borrowed words in the Kazakh language*. Almaty. 596 p.] (in Kazakh)
- Sarbasova, A.E., Kubayeva, A.G. (2024) *Gazet taqyryptaryndagy pragmatikalyq aleuetti arttyrushi tildik quraldar*. T. 74. №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74> [Sarbasova, A.E., Kubayeva, A.G. (2024) *Linguistic tools enhancing pragmatic potential of newspaper headlines*. Vol. 74. No. 3.] (in Kazakh)
- Smagulova, G. (2010) *Magynalas frazeologizmder sozdigi*. Almaty: Eltany. 252 s. [Smagulova G. (2001) *Dictionary of synonymous phraseological units*. Almaty: Eltany. 252 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (2001) *Tildik norma zhane onyng qalyptanuy*. Astana: Elorda. 230 b. [Syzdyk, R. (2001) *Language norm and its formation*. Astana. 230 p.] (in Kazakh)
- Uali, N. (2007) *Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi: dokt. dis*. Almaty. 329 b. [Uali, N. (2007) *Theoretical foundations of Kazakh speech culture: doct. diss*. Almaty. 329 p.] (in Kazakh)
- Van Dijk, T.A. (2006) *Discourse, context and cognition*. Discourse Studies, Vol. 8. No. 1. Pp. 159-177. (in English)
- Zhumagulova, A.M., Karimova, B.Zh. (2021) *Publicistikalyq diskurs zhane aleumettik-kommunikativtik araqatynas*. Qazaq Ultyq universiteti habarshysy. Zhurnalistika serijasy. №3 (61). [Zhumagulova, A.M., Karimova, B.Zh. (2021) *Publicistic discourse and socio-communicative relations*. Bulletin of KazNU. Journalism series, No. 3 (61).] <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v61.i3.03> (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.03.2026.

© Махамбет А., Наджие Й., 2026

